

Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының 2025 жылғы қызметін талдау

Психикалық денсаулық сақтау қызметі облыстық психикалық денсаулық орталығы мен облыс аудандарындағы психикалық денсаулық кабинеттерімен ұсынылған. Облыс орталығының құрамына 6 Бастапқы психикалық денсаулық орталықтары, наркологиялық және психиатриялық блоктар кіреді.

№№ 1, 2, 5, 6 Бастапқы орталық психикалық денсаулық орталығының ғимаратында орналасқан. №№ 3, 4 Бастапқы орталықтар «Almaz Medical Group» ЖШС және №5 қалалық емханасында орналасқан.

Наркологиялық және психиатриялық блоктардың құрамында 13 стационарлық бөлімшелер, 2 қабылдау бөлімшелерінен, күндізгі стационар, уақытша бейімдеу және детоксикация орталағы.

Қызмет алушылардың тілегін қанағаттандыру үшін 510 төсек стационар жұмыс жасайды (180 наркологиялық және 330 психиатриялық). Жамбыл облысының психикалық денсаулық сақтау қызметін жаңғыртудың 2025-2026 жылдарға арналған Мастер-жоспарының іс-шараларын орындау мақсатында облыстық орталықтың төсек қорының құрылымына өзгеріс енгізілді: психиатриялық балалар-жасөспірімдер бөлімшесі 30-дан 40 төсекке дейін кеңейтілді. Ересектерге арналған күндізгі стационардың төсек қоры 35-тен 30 төсек-орынға дейін қысқарды.

Келесі бөлімшелер де жұмыс істейді: тәулік бойы жұмыс жасайтын алкогольдік және есірткілік масандықты сараптау кабинеті; кеңес беріп, медициналық тексеру жасайтын клиникалық –диагностикалық бөлімше; метадонмен алмастыра отырып қолдау терапиясы кабинеті; химиялық –токсикологиялық зертхана; клиникалық –диагностикалық зертхана.

Сондай ақ қосалқы бөлімшелер мен кабинеттер бар: инфекциялық бақылау кабинеті; салауатты өмір салтын қалыптасатыру кабинеті; шаруашылық қызмет жайлары (асхана, монша, кір жуу, автоклав, қоймалық жайлар).

Штатта - 700,0 бірлік бар, олардың 67,75 - дәрігерлер, 268,25 – орта арнаулы білімді мамандар. Кадрлармен қамту жалпы 97,3% құрайды.

Мамандандырылған наркологиялық көмек стационар алушылардың тілегін қанағаттандыру үшін 180 наркологиялық төсек.

Наркологиялық бейіндегі стационардың қызметі:

- төсектің жұмыспен қамтылуы 338,3 ден 355,3 ке дейін өсті;
- төсек айналымы 9,3 тен 9,4 ке дейін өсті;
- науқастың орташа болу ұзақтығы 36 күннен 37 күнге дейін өсті;
- төсектердегі өлім-жітім 4 науқас (2023 жылы – 3 науқас; 2024 жылы – 3 науқас).

Тәулік бойы жұмыс істейтін наркологиялық стационарда барлығы 1687 науқас емделді (2023 жылы – 1776 науқас; 2024 жылы – 1718 науқас).

Наркологиялық 90 төсектік маскүнемдіктен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан зардап шегетін ерікті емдеуден жалтарған адамдарды

мәжбүрлеп емдеуге арналған екі бөлімше жұмыс істейді. Есепті кезең үшін осы бөлімшелерге 127 адам емделіп шықты (2023 жылы – 139 науқас; 2024 жылы – 125 науқас).

2025 жылдың 12 айында нашақорлықпен зардап шегетін жалпы 130 науқас емделген, бұл 2024 жылымен салыстырғанда 50 адамға азайды (2023 жылы – 185 науқас). Сонымен қатар мәжбүрлі тәртіпте 17 науқас ем қабылдаған (2024ж.– 29 адам, 2023ж. – 36 адам).

Коморбидті патологияны уақтылы тексеру және емдеу жүргізіледі, ол үшін УДЗ, рентгенография кабинеті, физиотерапия кабинеті бар. Жаттығу залы жұмыс істейді. Әлеуметтік қызметкерлер 6 пациенттердің жеке басын куәландыратын құжаттарды, тұрғылықты жері бойынша емханаға тіркеуді 10 науқас қалпына келтірді.

Медициналық-психологиялық оңалту 30 төсекте жүзеге асырылады (2 кезең - 25 төсек, 3-кезең - 5 төсек). 3501 психологиялық көмек көрсетілді: психологиялық түзету мен тренингтер өткізіледі. Көмек көрсету кезінде «қоршаған орта терапиясы» және «жұмыспен қамту терапиясы» қолданылады. Пациенттер үй өсімдіктер мен бақша өсімдіктеріне күтім жасауды үйренеді, ағаш және қағаз өнімдерін жасауды үйренеді. Сонымен қатар, пациенттер жаттығу залында жүктемені мөлшерлеу арқылы физикалық белсенді болуды және физикалық денсаулықты сақтауды үйренеді.

Жалпы оңалтудан 574 науқас өтті (2024 ж. – 569 адам, 2023ж. – 550 адам), 2 кезеңнен – 561 науқас, 3 кезеңнен - 13 науқас ем қабылдап алған. Есірткі өнімдерін тұтынушылар арасында ерікті бөлімшелерден 45 пациент (39,8%) емдеу ұзақтығы 30-35 күн болатын оңалту іс-шараларынан өтті (2024 ж. – 44 адам, 2023ж. – 40 адам).

Наркологиялық көмек күндізгі стационар жағдайында 10 науқас емделді, салыстырмалы науқас саны 11 адамға (52,4%) азайды, 2023 жылы – 3 науқас, ал 2024 жылы 21 науқас ем қабылдап алған.

төсектің жұмыспен қамтылуы – 28,2, 2024 жылдың 1 тоқсанында ұқсас кезеңмен салыстырғанда 35% төмендеді (43,4);

- төсектің жұмыспен қамтылуы 4,8 ден 28,2-ге дейін өсті;

- төсек айналымы 0,6 дан 2,0-ге дейін өсті;

- науқастың орташа болу ұзақтығы 8 күннен 14 күнге дейін өсті.

Облыс бойынша психобелсенді заттарды тұтынушылардың саны, соңғы үш жылдың ішінде, 100 мың тұрғынға шаққанда 685,0-тен (7980 адам) 723,2-ге (8789 адам) дейін (5,6%) көтерілген. Наркологиялық есепте тұрған балалар мен жасөспірімдер саны 6 адам, бұл 2024 жылымен салыстырғанда (16 адам) 10 адамға азайған.

Сырқаттанушылық құрылымында алкоголь тұтынушылары (бірінші орын алады), 2023 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 476,5 тен 539,9 ге көтерілген, яғни 13,3%.

Екінші орында есірткі құралдарын тұтынушылар, жалпы сырқаттанушылық 100 мың тұрғынға шаққанда 187,2 құрайды (2275 адам), 2024 жылда 100 мың тұрғынға шаққанда 184,7 құрайды (2258 адам), 2023 жылда 100 мың тұрғынға шаққанда 175,7 (2148 адам).

Есірткі заттарды тұтынушылардың ішінде 21 қолданушы амфетамин қатарындағы синтетикалық құралдарды пайдаланушы, 2024 жылы – 22 адам, 2023 жылы – 18 адам.

Уытты заттарды тұтынушылар 2023 жылы - 0,5 (6 адам) 100 мың тұрғынға шаққанда 0,6-ға дейін көтерілген (7 адам).

Алғаш рет белгіленген наркологиялық бұзылулармен сырқаттанушылық 100 мың тұрғынға шаққанда 101,6 құрайды (1235 адам), бұл 2023 жылдан 17,5% - ға (100 мың тұрғынға 86,5 – 1047 адам) және 2024 жылдан 10,3% - ға (100 мың тұрғынға 92,1 – 1114 адам) жоғары.

Есептен шығарылғандар – 1134 адамнан 2023 жылғы (2024 жылы - 1169 адам) 2025 жылы 1273 адамға дейін көбейді. Есептен шығару себептері: 2025 жылы:

64,0% (815 адам) – ұзақ ремиссия;

20,0% (254 адам) – өлім;

10,1% (129 адам) - өңірден тыс жерлерге шығуға байланысты;

5,9% (75 адам) – басқа да себептер.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап, есептен ұзақ ремиссиямен шығару себеппен адамдар саны 624-тен 815 адамға дейін өсті.

Есірткі құралдарын пайдалануды анықтау профилактикалық тексеруден өту кезінде (медициналық көмекке келгендер, транспорттық құралдарды басқару үшін рұқсат алу, психотропты және есірткі заттармен жұмыс істеуге рұқсат алу, қару алуға рұқсат алу) есірткіге тестілеу жүргізу арқылы, немесе есірткі заттарды тұтыну фактін және есірткіден мас болу жағдайын анықтау үшін медициналық кәуландыру өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Дизайнерлік синтетикалық есірткі құралдары спектрінің кеңеюін ескере отырып, зертханалық жабдықтар паркін заттарды индикациялаудың қазіргі заманғы дәлдігі жоғары құралдарымен жарақтандыруға көп көңіл бөлінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті атқарушы органдардың, денсаулық сақтау басқармасының көмегінің арқасында биологиялық ортадағы алкоголь мен есірткі заттарын анықтау үшін газды-сұйық жоғары дәлдікті хроматограф сатып алынды.

Есірткі заттарға тәуелділер арасында АИТВ-инфекциясының таралуын төмендету мақсатында 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама аясында, 2012 жылдың желтоқсан айында облыстық наркологиялық диспансер базасында апиынды алмастырушы терапия кабинеті ашылған. Ашылған сәттен бастап аталған жобаға 79 пациент қатысты, 2026 жылы 31 желтоқсанда жобада 5 адам ем қабылдап алған.

Тұрғындарға наркологиялық көмек Уақытша бейімдеу және адаптация орталығында көрсетіледі (медсауықтырғыш), бұл жерге орташа масандықтағы тұлғаларды құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткізеді. Жамбыл облысы әкімінің төрағалығымен Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2025 жылғы 2 маусымдағы №4 хаттамалық тапсырмасының 5.1-тармағын орындау үшін УБДО 20-дан 25 төсекке дейін кеңейтілді. «Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын және Уақытша бейімдеу және детоксикация

орталығының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-233/2020 бұйрығына сәйкес облыс орталықтарындағы төсек қуаты кемінде 15 төсек. 2025 жылғы 29 желтоқсанныан бастап, Жамбыл облыстың психикалық денсаулық орталығында УБДО төсек саны 20-дан - 25 төсекке дейін кеңейтілді.

Жүргізілген талдауға сәйкес құқық қорғау органдарының өкілдері жеткізген УБДО-на орналастырылған адамдардың саны бойынша келесі динамика байқалды: 2023 жылы - 7806 адам, 2024 жылы – 6385 адам, 2025 жылы 7769 адам орналастырылды.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығын ұстауға арналған шығыстар (алкогольді тұтыну және мас болу жай-күйі, коммуналдық қызметтер, жалақы және өзге де шығыстар фактісіне медициналық куәландыру жүргізу), ҚР Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 «ТМККК және МӘМС шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен, **қарастырылмаған. Бүгінгі таңда УБДО қаржыландыру моделі әзірленбеген және оларды ұстауға жұмсалатын шығындар әлі де өтелмейді!**

2025 жылы психикалық және тәртіптік бұзылушылықтармен (психоактивті заттарды қолданбайтын) диспансерлік бақылауда тұрғандар саны 2023 жылдан 708 адамға көбейді: 9365-тен 10073 адамға дейін. Психикалық бұзылулардың жалпы сырқаттануы 6,7%-ға өсті, 100 мың тұрғынға шаққанда 803,8-дан 857,4-ге дейін. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар саны 1538 адамды құрайды (бойы 438 адамға). 15 пен 17 жас аралығындағы балалар саны 430 адамды құрайды (51 адамға өсім).

2023 жылдан бастапқы сырқаттанушылықтың 22,8% (103 адамға) өсті, 100 мың тұрғынға шаққанда 47,9 (588 адам) 58,8-ге (691 адам) дейін көбейді.

14 жасқа дейінгі балалар арасындағы алғашқы аурушылдық 100 мың тұрғынға 77,2-ден 110,6-ға дейін көбейді, яғни 43,3% көтерілген.

Жасөспірімдердің алғаш аурушылдық 100 мың тұрғынға 34,3-тен 54,5-ке дейін көбейді, яғни 58,9% көтерілген.

Аурудың өсуі аутизм спектрі бұзылған анықталған балалар мен жасөспірімдердің 140 тан 215 ке дейін өсуімен байланысты.

Нозология	2023ж		2024ж.		2025ж.	
	абсолюттік к саны	%	абсолюттік саны	%	абсолюттік саны	%
Жалпы аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ)	490	100	622	100	821	100
олардың ішінде балалар аутизмі	351	71,6	414	66,6	522	63,7
атипичный аутизм	136	27,8	207	33,3	297	36,2
синдром Аспергера	3	0,6	1	0,1	1	0,1

Мамандандырылған психиатриялық көмек тәулік бойы жұмыс істейтін стационар 330 төсек қамтылған.

Психиатриялық бейіндегі стационардың қызметі:

- төсектің жұмыспен қамтылуы 317,4-тен 327,1-ге дейін өсті;
- төсек айналымы 8,4-тен 8,8-ге дейін өсті;
- науқастың орташа болу ұзақтығы 36 күннен 35 күнге дейін азайды;
- төсектердегі өлім-жітім 2 науқас (2023 жылы – 6 науқас; 2024 жылы – 4 науқас).

2025 жылы барлығы 2918 науқас емделді (2023 жылы – 3112 науқас; 2024 жылы – 3117 науқас). Емделген науқастардың құрылымында ең көп үлес салмағын шизофрениямен, шизотиптік, сандырақтық бұзылулармен ауыратын науқастар 45,1%; екінші орында ақыл-ой кемістігі бар адамдар 24,3%; 3 орында органикалық психикалық бұзылулары бар адамдар 17,4%; 13,2% невротикалық және аффективті бұзылулары бар адамдар.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2018 жылдан бастап сараптама кабинетінде алкогольдік және есірткілік мақсандықты анықтау электрондық форматта Медициналық куәландырудың электрондық жүйесі арқылы жүргізіледі, бұл бағдарлама облыстың барлық аудандарында да бар. Медициналық куәландыруға жіберілген тұлғаларды тіркеу үшін ЭСМО және ЭСМО ЦВАД бағдарламасы енгізілді. Медициналық құжаттар «Damed» медициналық ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, электрондық нысанда 100% жүргізіледі. Сот арқылы мәжбүрлеп емдеуге жататын тұлғаларды ресімдеу және қарау онлайн тәртібімен өткізіледі.

Қаржылық – шаруашылық қызмет. Бюджет РБ 100% игерілді. Жалақы, коммуналдық қызмет төлемдері, тамақ өнімдері, дәрі дәрмектік құралдар бойынша қарыз жоқ. Дәрі дәрмектерді сатып алу тендер бойынша СК-Фармация арқылы алынады. Жеткізу жұмыстарында кідірту мәселелері туындаған емес.

2021-2025 жылдарға арналған «Әрбір азаматқа сапалы және қолжетімді денсаулық» Ұлттық жобасын іске асыру мақсатында халықтың психоактивті заттарды пайдаланудың алдын алу мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.

Жалпы білім беру мекемелерімен бірлесіп психикалық денсаулық орталығы мамандарының дәріс оқу жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілді. Психобелсенді заттарды қолданудың зияны туралы профилактикалық жұмыс Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығы қызметкерлері мектеп оқушылары, колледждер мен ЖОО студенттері арасында 579 дәріс оқыды (28237 адам қамтылды), антидеструктивті тәртіптің алдын алу 136 дәріс оқыды (5581 адам қамтылды).

